

**«Общественная позиция»
(проект «ДАТ» № 05 (42) от 3 февраля 2010 г.**

БАҚЫРДЫҢ БАСҚА БЕТІ

**Жармахан ТҰЯҚБАЙ:
ЖОЛДАУ ЖАРЫЛҚАҒАН
адамды көрген де, естіген де емеспін**

Биыл әдеттегі уақытынан асығып, Нұрсұлтан Назарбаев халыққа кезекті Жолдауын жолдады. Сыдырта оқып шықсаңыз, қағаздағы кампиған жазуға қарның тоймаса да, үйреншікті әдетпен: «Сөзді қатырады-ақ», – дей саласың. Дегенмен бұл жолғы Жолдау жөнінде елдегі саяси партиялар жетекшілері не дейді?

– Сіз өткен жұмада парламенттің біріккен оты-рысына қатысып, Назарбаевтың кезекті он төртінші Жолдауын өз құлағыңызбен тыңдадыңыз. Көңіл көншітерілік не естіп қайттыңыз?

– Биылғысы бұрынғысынан өзгере қойған жоқ. Тек мемлекет 2020 жылға дейінгі он жылдың ішінде қай бағытта, қалай өркендеуге тиіс деген мәселеге жоспар-жоралғы жасалыпты. Ал Жолдауда көтерілген мәселенің басым көпшілігі баяғы кеңестік кезеңдегі партхозактивтер мен съездерде айтылатын әлеуметтік-экономикалық сылдыр сілтеуден аумайды. Әрине, кез келген мемлекеттің алдын ала стратегиялық жоспар жасағаны жөн, бұл жөнінде президентке он жылдық жоспары үшін кінә таға алмаймыз...

– Ал сонда «2030» стратегиясы қайда қалады? Бұл уақытты берірек жылжыту ма, жоқ әлде бұрынғыдан басқа көп жоспарлардың бірі ме?

– Оның жөнін Жолдауды насихаттау науқаны барысында білмесек, шынында да, қалың жұрттың саны көп стратегиядан жаңылып қалғаны рас. Дегенмен бір шындықты мойындау керек – елде әзірге көзге көріне бермейтін экономикалық даму үдерісі басталғаны анық. Ал біздің экономикалық мүмкіндігіміз, шикізат байлығы, одан түсетін табыс президент айтқан көрсеткіштерден де жоғары болуы әбден мүмкін еді. Бірақ осы

өткен он тоғыз-жиырма жылдың ішінде қаншама бағдарлама мен жоспар жасалып, іске асырылған-асырылмағанына назар аударсақ, миллиардтап шашылған қаржыдан еш нәтиже шықпағаны – тағы да аян жайт. Себебі, осындай түрлі түсті жоспарларға бөлінген қаржы қоғамды дендеген жемқорлық пен биліктегі жауапсыздықтың салдарынан талан-таражға түсті.

– Стратегияны жүзеге асыруға бөлінетін қаржы тағы да талан-таражға түседі...

– Әлбетте!.. Сөз жоқ, егер елдегі билік жүйесіне түбегейлі саяси реформа жасалмаса, бұрынғы тонау – сол тонау болады. Мәселен, биылғы Жолдауды жүзеге асыруға шартты түрде жүз миллиард бөлінеді десек, нағыз оптимистік есеппен айтқанның өзінде осының тең жартысы орта жолда жұтылады. Келешекті стратегиялық тұрғыда қамтамасыз ету үшін, бүгінгі билік жүйесін түбірімен өзгерту керек. Себебі, қазіргі қалыптасқан билік, қоғам, бизнес халық алдындағы жауапкершіліктен жұрдай. Бұдан бұрын да ауылды, мәдениетті, денсаулықты, т.с.с. дамытуға арналған сансыз бағдарлама қабылданған еді ғой, бірақ соның нәтижесін кім көрді? Содан өркендеп кеткен ауыл мен мәдениетке қарық болған, президенттің жолдауы жарылқаған адамды кездестіру мүмкін емес.

(Соңы 10-бетте)

– «ОБСЕ»-ге төраға болған мемлекет президентінің Жолдауынан сол саяси жүйені демократияландыруға деген талпыныс байқамадық...

– Талпыныс түгілі, ишара жоқ!.. Дегенмен «үмітсіз – шайтан» демекші, демократиялық реформа мен саяси өзгерістер бола ма деген үмітте болған едік. Өкінішке қарай, ол төңіректе бірауыз сөз айтылған жоқ. Бұл билік: «ОБСЕ»-ге төраға болып алдық, енді мерзімінен бұрын ешкім орнымыздан алмайды, айтылатын сын – айтылған жерінде қалды», – деген сыңайда. Еті үйреніп алғаны соншалық, қандай да бір өзгеріс жасауға құлықты емес. Қара халық тұрмысының оңалмауы – бүгінгі саяси жүйенің міз бақпаған авторитарлық сипатымен сықпытас келеді. Саяси жүйені өзгертпей, ешқандай салада ілгерілеу болмайтыны – қатып қалған қағида. Ал Қазақстанның «ОБСЕ»-ге төрағалығы қандай да бір саяси реформаға ықпал етпейтіні даусыз шындық екеніне тағы да көзіміз жетті.

– Былтырғы Жолдау дағдарыстың алдын алуға арналған, ал биылғысын дағдарыстан кейінгі «оңалған» елдің әлеуметтік-тұрмысына лайық деп, ресми БАҚ жарыса даурығып жатыр. Тұрмысы базардың төңірегімен анықталатын халықтың «лайықты» тіршілігін сіз қалай бағалар едіңіз?

– Қаржы дағдарысының көкесі осы жылы басталады деп ойлаймын. Алғашқы кезеңде ауылдағы ағайын азды-көпті жинаған қорымен, қорадағы оншақта қой-ешкісімен күн көрді. Енді осының бәрі түгесілетін шақ биыл болады. «Оңалған» шаруа болса, оны қазақтың дастарқанынан көрер едік қой. Ел аралап, ауылдағы жұртпен жүздесіп жүрген кезде, ілдебайлаған жұпыны тірліктен басқаны байқамадық. Аяқ астынан бизнес дамып, жұмыс көздері ашылып, өркендеген отандық өнеркәсіп бар ма? Шағын және орта бизнес өкілдері несиеге зәру. Биылғы астықтың тең жартысына жуығы қамбада шіріп қалды. Ал банктер жоғары үстемелік пайызбен беретін несиенен бизнес жүргізу мүмкін емес. Осы уақытқа дейін әупірімдеп жұмыс жүргізгендер енді бизнесін тоқтатуға мәжбүр болуда. Кенеттен аспаннан ақша жаумаса, билік бағындырып алған банктерден қайыр жоқ. Олар жиған-терген тиындарын шетелден алған қарыздарын өтеуге жұмсап жатыр. Осы жағдайда бұл дағдарыстан қалай шығамыз? «Оңалған», «лайықты» тұрмысымыз осы ма?

– Ел басшысының халыққа жолдауы үлкен қордалы мәселені қамтитынын АҚШ президенті Барак Обама жолдауынан байқауға болады. Мәселен, ол Конгрестен «Жұмыссыздық жөнінде» Заң қабылдауды сұрады. Оның сөзінде біздікі сияқты талап ету немесе тапсыру жоқ, ол елдегі әлеуметтік проблеманы бірлесіп шешуге шақырды. Осы салыстырмалы айырмашылықты сіз қалай бағалайсыз?

– Егер ашығын айтар болсақ, елдегі әлеуметтік проблемаға биылғы Жолдауда атап айтарлықтай көңіл бөлінген жоқ. Халықты толғандырып, ашындырып отырған мәселеге қатысты нақты ұсыныстар болса, өндіріс орындарын ашуды он жылдық жоспарға енгізбей-ақ, бүгін-ертең шешу жолдары қарастырылуы керек еді ғой.

Ал мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы тек екінші тоқсанда ғана жиырма бес пайызға көтерілетіні – не

алдарқату? Ал күнкөріс жағдайы нашар отбасыларға бүгінгі жағдайда нақты қолдау көрсетілуге тиіс еді. «Шықпа, жаным, шықпа» деген сол халық мемлекеттің жәрдемінен күдер үзген соң, екі қолға бір күрегін алып, өз нанын өзі тауып жеуге тырысуда. Бірақ көптеген орта және шағын өндірістер, құрылыс нысандары жабылуы себепті, миллиондаған азаматтың жұмыссыз қалғаны айдан анық. Осындай жағдайда билік өкілдерінің елде жұмыссыздық азайды дегеніне қалай сенуге болады?

– Дегенмен бұл мәселені шетелдік инвестиция тарту арқылы шешеміз дегендей уәж айтылды ғой, оған қалай қарайсыз?

– Әрине, инвестиция тарту – экономикалық қатынастардың құрамдас бөлігі. Бірақ сол инвестиция мемлекетті – тәуелділікке, ұлтты – құлдыққа итермелейтін қауіп төндіріп отырған жоқ па деген сауалдың реті бар. Стратегиялық маңызы бар мәселеде Қазақстанның шетелге тәуелді болу қаупі баршаны алаңдатып отыр. Мұнайдың қырық пайызы Қытайдың үлесіне кетті деп дабыл қағып жүр едік, енді ауылшаруашылық жерлердің шетелдерге жалға берілуі мүмкін деген дабыра туды. Бұл бос дабыра емес, оның астарында үлкен үрей бар. Әрине, Қытаймен қарым-қатынас жасауға болмайды деген ойдан аулақпын, алайда мемлекет пен ұлттың тәуелсіздігін, мүддесін өзгенің алдында тәрк етуге болмайды. Сондықтан дәл осы тұрғыда билік өз елінің мүддесіне қарсы әрекет жасап жатқан жоқ па деген күдіктің реті бар.

– Күдік демекші, 2012 жылы президенттік сайлау мезгілінен бұрын өтуі немесе президенттік билікті ұзарту жөнінде референдум болуы мүмкін деген пікірге не айтар едіңіз?

– Президенттің Жолдауын мұқият оқысаңыз, Назарбаевтың сөз пошымынан бүгін-ертең тағынан кетейін деп отырған адамды көрмейсіз. Мынаған назар аударыңызшы: стратегиялық жоспар 2020 жылға дейінгі мерзімге арналған, ал Конституция бойынша 2012 жылы президенттік сайлау өтуі керек. Яғни логика бойынша көп жылды қамтитын жоспар өкілеттік мерзімі аяқталып келе жатқан емес, өкілеттігіне жаңадан кіріскен президенттің үлесі болуы керек. Сондықтан мұндай стратегиялық міндет алған президент 2012 жылдан

кейін де орнымда қалам дегенді меңзейді. Сол сияқты, біздің Ата Заңымыз бойынша бір жылда парламент және президент сайлауын қатар өткізуге болмайды. Ал соңғы сайлау нәтижесіне сүйенсек, келесі екі сайлау да бір жылға қатар келіп тұр. Сол себепті, менің ойымша, 2011 жылы не мәжіліс сайлауы мерзімінен бұрын өтіп, не болмаса референдум арқылы президенттің өкілеттігі ұзартылып, орнында тағы да қалуы әбден ықтимал. Бірақ бұл – тек қана болжам. Біздің жағдайда Конституцияға өзгеріс енгізу бір адамның билігіндегі мәселе болғандықтан, алдын ала саяси болжам айту – еріккеннің ермегі дер едім.

– Жолдауда құқық қорғау саласын реформалау туралы айтылды, кәсіби заңгер ретінде осы орайда не айтар едіңіз? Қоғамды сыбайласқан жемқорлық жайлаған кезде, мұндай өзгеріс толыққанды жасалуы мүмкін бе?

– Құқық қорғау жүйесін реформалау – әлдеқашан және әбден піскен мәселе. Бұл саладағы тірліктің былығып кеткені соншалық, мұндағы бастықтардың бір-бірінің жұмысына араласып, текетіресіп жүретіні үйреншікті нәрсеге айналды. Жыл сайынғы Жолдауда осы сала жөнінде айызы қандырылып айтылғанмен, «баяғы жартас – бір жартас» күйінде қалып жатыр. Құқық қорғау салалары бір адамға ғана бағынышты болғандықтан, оған қоғамдық бақылау жасау мүмкін емес. Ал бақылаусыз жерде былық болмағанда қайтсін?!

– Осы жолдауды насихаттауға үкімет бір миллиард теңге бөлген екен. Одан да осы миллиардты сіз қай салаға жұмсау дұрыс болар еді деп ойлайсыз?

– Жыл сайынғы Жолдауды насихаттап, дәріптеу үшін, интеллектуалды ресурстар мен қыруар қаржы жұмсалады. Барлық деңгейдегі әкімдер мен шенеуніктердің жарты жыл бойғы басты жұмысы – осы. Олардың ел аралауына шығатын жолсапар шығыны сіз айтқан миллиардтың бір бөлігі ғана болар. Одан да осы қаржыны тұрмысы нашар отбасыларына пошта арқылы аударып, түбіртегінің бір шетіне: «Жолдаудың сізге берген жәрдемі» деп жазып қойса, бұл насихат науқаны әлдеқайда тиімді болар ма еді...

Өз аузынан

Әлихан БӘЙМЕНОВ:

**«НАЗАРБАЕВТЫҢ
КЕТКІСІ ЖОҚ...»**

«Менің ойымша, Жолдаудың алғашқы минутынан-ақ президент осы үдерісті (Қазақстанның 2020 жылға дейінгі даму бағытын. – ҚазТАГ) өзі басқаратынын ашық ұқтырған сияқты. Ол «біздің міндетіміз деген жоқ, «менің міндетім» (Қазақстанның жуық он жылдықтағы экономикалық дамуы жөнінде) дегенді айтты. Мұны болашаққа меңзеу деу керек. Бұл, бір жағынан, 2012 жылы президенттік сайлауға қатысам дегенді білдіреді...».

ҚазТАГ

**Бақытгүл МӘКІМБАЙ,
«D»**